

“АТАДАН МҰРА” Қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған

“ДАРАБОЗ” V-Республикалық байқауында

“Бейнелеу Өнері” номинациясы бойынша 19.11.22ж- 20.11.22ж осы күндер аралығында Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушысы Онғар Айдос Сейдалыұлының жетекшілігімен 6 студентіміз үздік өнер көрсетті.

Иванов Олег бас жүлде алды және 16.07.23ж-23.07.23ж аралығында Түркістан қаласында өтетін Суперфиналға жолдама жеңіп алды.

Аширбай Диана, Қолдас Мирас 1-ші дәрежелі лауреат атанды.

Айтмырза Бақдәулет, Тасеменова Нұрайым, Пушанова Арайлым 2-ші дәрежелі лауреат атанды және “Атадан Мұра” қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Алматы қаласында 24-25 желтоқсан 2022ж өтетін Халықаралық байқауына жолдама ұтып алды.

Шын жүректен құттықтаймыз!



15 қараша 2022жыл.

Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінде Абай ауданы бойынша мәслихат депутаттары колледж ұжымымен және студенттерімен сайлау алды кездесу ұйымдастырды.



Бүгін Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінде Сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сарапшылар пулының мүшесі спикер Дулатова Гүлбақыт Сейсенбекқызы колледж ұжымымен кездесті.

Семинардың мақсаты

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау,

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою,

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру,

Квазимемлекеттік сектордағы комплеансты дамыту барысында ой бөлісті.



18.10.2022 жылы Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледж студенттерімен Қылмыстық істі алдын алу іс шараларын жүргізді.

Жиналыс барысында Шымкент КПД Абай АПБ ЮПБ УПИ полиция майоры Иргебаев Жандос пен полиция капитаны Макамбетов Қайрат студенттерге сұрақ қойып, оларға қысым көрсетілмегеніне көз жеткізді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев колледж студенттерінің құқықтарымен міндеттерін айтып шықты.



ЕРЕКШЕ ӨРЕНДЕРДІҢ ЕРЕН ӨНЕРІ

“Көрме” орталығында ерекше балалар мен жасөспірімдерді қолдау үшін «Кездесуге қадам» күзгі шығармашылық фестивалі ұйымдастырылды.

— Балалар жылы аясында өтіп жатқан шығармашылық фестивалінде ерекше жандардың қолынан шыққан туындыларды көріп, ерекше әсер алдым. Шығармашылық пен ізденіс балалардың дүниетанымын жан-жақты дамытады. Балалардың рухани қажеттілігіне қадам жасап, осындай ғажап іс-шараны ұйымдастырып отырған қоғамдық және білім ұйымдарына, атсалысқан ата-аналарға алғыс айтамын. Шымкент қаласының әкімдігі балаларға арналған бастамаларды әрдайым қолдайды, — деді Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан.

Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен және «ARMAN ALANI» Қазақстан коалициясының ұйымдастыруымен өткен іс-шараға білім мекемелері ерекше балалар үшін шеберлік сағатын өткізді.

— Фестивалге «АРДА», «JanVota», «Рахмет саған, Анашым», « I am Bala», «Bambini» оңалту орталықтарынан 150-ден астам бала келді. Алдағы уақытта бұл фестиваль жыл сайын дәстүрлі түрде өткізетін боламыз. Қолөнер шеберлері мен Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі студенттері өз бұйымдарын қайырымдылық мақсатында сатылымға шығарды. Одан түскен қаржы ерекше балалардың қажеттілігіне, еміне жұмсалмақ, — деді А.Қарабеков атындағы оңалту орталығының директоры Ф.Бакибаева.

Айта кетейік, Шымкентте 143 мектепте ерекше қажеттілігі бар балалар үшін жағдай жасалған. Қаланың 88 жалпы білім беретін мектепте 829 бала инклюзивті білім алса, 9 мектепте ашылған 59 арнайы сыныпта 471 оқушы оқиды. Сондай-ақ, Шымкентте 5 арнайы мектеп-интернат жұмыс істейді.

«Шымкент келбеті» Суреттерді түсірген Серік ҚОСАЕВ.



На курсах повышения квалификации проведенной НАО ТАЛАП пройденная с 28.03.2022 по 15.04.2022 по теме «Педагог системы технического и профессионального,

после среднего образования совершенствование трудовых функций» была создана уважительная, деловая и, в то же время, душевная атмосфера, сразу располагающая к сотрудничеству, продуктивному профессиональному общению. Нам была продемонстрирована совершенно новая организация профессионализма тренера Валитовой Лилий Маратовны, ее подход к каждому слушателю с момента начала курсов. Сразу с момента регистрации ежедневно мы получали электронные материалы, дающие полную информацию о текущих событиях, что сразу включало нас целенаправленно в изучение и раскрытие новых технологических знаний. И это настолько эффективно, что информационные знания становится частью твоей профессиональной жизни, некой отдушиной в эмоционально-интеллектуальной потоке повседневности! Позитивный настрой тренера и преподавателей снимал усталость, что было лучшей профилактикой для педагога профессионального уровня. Спасибо за такую мощную поддержку и новые знания!



(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен "Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: қоғаммен байданыс" форумы өтті. Форум барысында департамен басшысы Ш.Өтеев Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушысы Байдуллаева Айнұр Ерманқызын "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылуына және қоғамда адалдық, әділдік, парасаттылық құндылықтарын нығайтуға қосқан үлесі үшін Грамотамен марапатталды.



17-қараша күні Индустриалды-техникалық колледжінде «Студенттер күні» мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған «ЖҰЛДЫЗДЫ 30 КҮН» атты мерекелік іс-шаралар аясында «Білімді жас – Қазақстанның болашағы» тақырыбында студенттік фестивалі өтті. Кездесу барысында бір-бірімен танысып тәжірбие алмасты.

[#Шымкенттәрбие](#)



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсын жариялады. Осыған орай, колледж ішілік «Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің ең үздік студенті» конкурсы өтті. Конкурса 1,2,3,4 курс студенттерінің арасынан Республикалық, Аудандық, Қалалық конкурс жеңімпаздары қатысты.

Оның ішінде

- Камила Тұрғынбаева Бахытқызы (мамандығы: суретші илюстратор СИ-1-03б/к)
- Гүлсая Абдисамет Аманханқызы(мамандығы: Станокты кескіндеме СТК-1-02)
- Мухутдинова Радмила (мамандығы: графикалық дизайн ГДз-0-02а)
- Сансызбай Дана Ержанқызы(мамандығы: Станокты кескіндеме СТК-1-02)

іріктеуден өтті. Конкурс қорытындысы бойынша Графикалық дизайн мамандығының студенті Мухутдинова Радмила жеңіске жетті.



Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Сындарлы Қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына арналған жолдауындағы білім саласына байланысты бағыттарын білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен ҚР педагогтарының «АЛТЫН КІТАБЫ —2021» атты Республикалық байқауында Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джумабаев Досжан Тиловберидиевич 1-ші дәрежелі диплом, ҚР Педагогтарының алтын төсбелгісі және Алтын кітап-2021 мен марапатталды.

